

**1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 шілдедегі N 698 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы **мақұлданды.**

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама жасасуға өкілеттік берілсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.24. N 1158 қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын жалдау туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын жалдау туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті:

1. Шарттың атауы, кіріспесінің 2 және 3-абзацтары "сынақ полигонын" деген сөздерден кейін "(5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы)" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. 3-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Полигон - жер учаскелерін және оларда орналасқан мүлікті қамтитын біртұтас к е ш е н .

Полигонды жалдау объектісінің бір бірлігі үшін ставка - Полигонның жалға берілген жер учаскелерінің, оның ішінде оларда орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілерімен қоса жер учаскелерінің аудан (гектар) бірлігін пайдаланғаны үшін жалдау ақысы 2,33 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленеді."

3. 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жыл сайынғы жалдау ақысы 1999 жылғы 1 қаңтардан бастап 0,291 млн. АҚШ долларына баламалы соманы құрайды, ол:  
жалға алынатын мүлікті пайдаланғаны үшін 0,176 млн. АҚШ долларына баламалы м ө л ш е р д е г і қ а р а ж а т т ы ;

Полигонның жер учаскелерін пайдаланғаны үшін өтемақы бойынша 0,115 млн. АҚШ долларына баламалы мөлшердегі қаражатты қамтиды.

Бұл ретте жалдау ақысының көрсетілген мөлшері Шартқа қол қойылған күні болған немесе Қазақстан Республикасының аумағында осы күннен кейін енгізілген және Полигонды жалдауға қатысты салықтардың, комиссиялардың, алымдардың және өзге де төлемдердің барлық түрін қамтиды.

2. Осы Шарттың 3-бабында белгіленген полигонды жалдау объектісінің бір бірлігіне ставканы негізге ала отырып есептелген Полигонды пайдаланғаны үшін жыл сайынғы жалдау ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап 0,718 млн. АҚШ долларына баламалы соманы құрайды. Бұл ретте жалдау ақысының көрсетілген мөлшері Шартқа қол қойылған күні болған немесе Қазақстан Республикасының аумағында осы күннен кейін енгізілген және Полигонды жалдауға қатысты салықтардың, комиссиялардың, алымдардың және өзге де төлемдердің барлық түрін ескереді.

Полигонның жалға берілетін жер учаскелерінің, сондай-ақ оларда орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілерімен қоса жер учаскелерінің құрамы өзгерген жағдайда, жалдау ақысы Полигонды жалдау объектісінің бірлігіне белгіленген ставканы ескере отырып, жер учаскелерінің жалға берілетін бір ауданының өзгеруіне т е п е - т е ñ ө з г е р е д і .

Жалдау ақысының өзгеруін Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамамен ресімдейтін болады."

4. 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Шарттың 4-бабының 2-тармағында белгіленген жыл сайынғы жалдау ақысы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап еркін айырбасталымды валютада (АҚШ доллары) жүзеге а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Жалдау төлемдерін аудару жыл сайын әрқайсысы екі тең бөлікпен жылдың екінші және төртінші тоқсанының соңғы айының 5-күніне дейін жүзеге асырылады.

Қазақстан Тарабы Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігіне төлем алушыны және қаражатты аудару үшін қаржы деректемелерін көрсете отырып, хабарлама ж і б е р е д і .

Төлем алушы және (немесе) оның қаржы деректемелері өзгерген жағдайда Қазақстан Тарабы кезекті төлем мерзімі өткенге дейін бір айдан кешіктірмей Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігіне бұл туралы хабарлауға міндетті."

Осы Хаттама ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы өзара консультациялар мен келіссөздер ж о л ы м е н ш е ш і л е т і н б о л а д ы .

Тараптардың біреуінде бірлескен шешімді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап екінші Тарапқа келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей ж а з б а ш а т ү р д е х а б а р л а й д ы .

Осы Хаттама Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама 1996 жылғы 18 қазанда Мәскеу қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын жалдау туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

200\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ  
ҮКІМЕТІ ҮШІН ҮКІМЕТІ ҮШІН*